

Бекітемін:
«Құралай апа» бөбекжай балабақша
меңгерушісі: А.Таженова *А.Таженова*



2025 – 2026 оқу жылының педагогикалық кеңес жоспары және хаттамалары

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары» Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру» Тамыз кеңесінің жаңалықтары мен ұсыныстары: Білім беру қызметкерлерінің республикалық, облыстық, аудандық тамыз кеңестерінің мазмұнымен таныстыру. Жазғы кезең қорытындысы: Сауықтыру және шынықтыру жұмыстарының нәтижесін сараптау. 2025–2026 оқу жылына арналған құжаттарды талқылау және бекіту: Жылдық мақсаттар мен міндеттерді нақтылау Оқу жоспары бекіту Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің үлестірілу кестесін талдау Перспективалық жоспарларды жүйелеу Топтардағы күн тәртібін нақтылау	қыркүйек	Меңгеруші, Әдіскер Медбике
II	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы дамыту» Мақсаты: Ойын технологиялары арқылы қызығушылықты арттырып, қауіпсіз әрі баршаға тең орта қалыптастыруға бағытталған педагогтердің кәсіби ұстанымын нығайту. 1. «Жасанды интеллект – инклюзивті білім беру құралы» тәрбиеші 2. «Қолдауға мұқтаж досым»: психологиялық ойындар арқылы даму мүмкіндіктері Тәрбиеші. 3. «Инклюзивті ортадағы қауіпсіздік: әр балаға қамқорлық» тәрбиеші 4. Тренинг: «Инклюзияны түсінеміз» Жүргізуші: №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы	қараша	Әдіскер Тәрбиешілер Педагог-психолог

II I	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Бөбекжай мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау» Мақсаты: Бөбекжай мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметті-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау. 1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі 2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы ролін нығайтудың бір жолы <i>Тәрбиеші:</i> 3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар» іс-тәжірибе бөлісу <i>Тәрбиеші:</i> 4.«Мектеппен сабақтастық: «Бастауышпен көпір» жобасы <i>Әдіскер:</i> 5. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеттерін дамытуда ата-аналармен ынтымақтастық орнату» <i>Тәрбиеші:</i> 6. Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру» <i>Тәрбиеші:</i>	ақпан	Менгеруші, топ тәрбиешісі
I V	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық әдістер» Мақсаты: Балалардың экологиялық санасы мен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда құзыреттілік орталықтары, мобильді топтар және ата-аналармен бірлескен іс-әрекеттер арқылы тиімді әдістерді қолдану. 1. №3 педкеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы 2. Құзыреттілік орталығы: балалардың экологиялық білімін қалыптастырудың тиімді жолы <i>Әдіскер:</i> 3. Экологиялық мерекелер – қауіпсіз мінез-құлық пен жауапкершілікке тәрбиелеудің тетігі <i>Топ тәрбиешілері</i> 4. Қимылды ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту (мобильді топ тәжірибесі) <i>Тәрбиеші:</i> 5. Отбасымен бірлесе ұйымдастырылатын экологиялық тәрбие: қауіпсіздік пен жауапкершілік негізі <i>Тәрбиеші:</i> 6. «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы педагог көшбасшылығы» <i>Тәрбиеші</i>	наурыз	Менгеруші Әдіскер, топ тәрбиешілері
V	№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Нәтиже мен тәжірибе – дамуға бастар жол» Мақсаты: МДМ-дегі барлық іс-әрекеттердің нәтижесін және әр педагогтың жеке жұмысын қорытындылау, тәрбие-білім беру үдерісін талдау. Өткізутүрі: Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі	мамыр	Менгеруші Әдіскер, топ

	Күн тәртібі: 1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмыстарының есебі 3. 2025–2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі ікүзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика) 4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау 5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту 6. Қорытынды-тренинг: «Өсу мен өзгеріс жолында»		тәрбиешілер Әдіскер медбике
--	--	--	--

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары»

Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру»

Өткізілген күні: 25 тамыз 2025 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші А.Таженова

Хатшы: С.Турусова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары туралы

Баяндамашы: меңгеруші А.Таженова

2. Білім беру қызметкерлерінің республикалық, облыстық, аудандық тамыз кеңесінің материалдары мен таныстыру

Баяндамашы: әдіскер Ж.Бердалиева

3. Жазғы сауықтыру және шынықтыру іс-шараларының қорытындысы.

Баяндамашы: әдіскер Ж.Бердалиева

4. 2025–2026 оқу жылына арналған құжаттарды бекіту:

– Жылдық мақсаттар мен міндеттер

– Оқу жоспары мен вариативтік бөлім

– Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің үлестірілу кестесі

– Перспективалық жоспарлар

– Топтардағы күн тәртібі

Баяндамашы: әдіскер Ж.Бердалиева

5. Аттестациядан өтетін педагогтерді анықтау және бекіту.

Баяндамашы: меңгеруші А.Таженова

6. Педагогикалық тренинг: «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс».

Өткізгендер: психолог Ж.Бердалиева

ТЫҢДАЛДЫ:

1. А.Таженова жаңа оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталып, ұйым қызметінің бағыттарын айқындап берді.

2. Әдіскер Ж.Бердалиева білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің мазмұнын қысқаша шолып, онда көтерілген басты мәселелер мен ұсыныстарды ортаға салды.

3. Жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілген іс-шаралар талданып, қатысушылардың белсенділігі мен денсаулығына оң әсері атап өтілді.

4. Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспардың құрылымы таныстырылып, төмендегі құжаттар бекітілді:


- Жылдық жоспар
- Оқу жоспарлары
- ҰІӘ кестесі
- Перспективалық жоспарлар
- Күн тәртібі

5. «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс» тақырыбындағы тренинг қызықты әрі пайдалы түрде өтті. Қатысушылар кәсіби өсу деңгейін анықтап, топтық жұмыстар, жеке рефлексиялар арқылы өз даму жоспарын жасады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру жұмысының негізгі бағыттары мақұлданды.
2. Тамыз кеңесінің ұсыныстары негізінде педагогтердің жұмыс жоспарына тиісті өзгерістер енгізілсін.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындылары негізінде келесі жаз маусымына ұсыныстар дайындалсын.
4. Жылдық жоспар, оқу жоспарлары, күн тәртібі және барлық құжаттар бір ауыздан бекітілсін.
5. Педагогикалық тренингті жүйелі түрде әртоқсанда өткізу ұсынылсын.

Төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы дамыту»

Мақсаты: 2025–2026 оқу жылының бағытына сай ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық, эмоционалдық және психологиялық қабілеттерін дамытатын, өмір сүру сапасын арттыратын қолайлы инклюзивті орта құру. Ойын технологиялары арқылы қызығушылықты арттырып, қауіпсіз әрі баршаға тең орта қалыптастыруға бағытталған педагогтердің кәсіби ұстанымын нығайту.

Өткізілген күні: қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші А.Таженова

Хатшы: С.Турусова

Күн тәртібіндегі мәселелер:

Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы дамыту»

Мақсаты: Ойын технологиялары арқылы қызығушылықты арттырып, қауіпсіз әрі баршаға тең орта қалыптастыруға бағытталған педагогтердің кәсіби ұстанымын нығайту.

1. «Жасанды интеллект – инклюзивті білім беру құралы»
тәрбиеші Абенова К

2. «Қолдауға мұқтаж досым»: психологиялық ойындар арқылы даму мүмкіндіктері

Тәрбиеші. Әбдірова Г

3. «Инклюзивті ортадағы қауіпсіздік: әр балаға қамқорлық»
тәрбиеші Сарсенбай А

4. Тренинг: «Инклюзияны түсінеміз»

Жүргізуші: С.Турусова

№1 педагогикалық кеңесте

қабылданған шешімдерінің орындалуы

2025–2026 оқу жылының негізгі бағыттарының бірі – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагогикалық және психологиялық тұрғыдан қолдау, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, ойын және цифрлық технологиялар арқылы танымдық қызығушылықты дамыту.

Осы бағытта өткен педагогикалық кеңесте түрлі мамандар өз тәжірибелерімен бөлісіп, шеберлік сыныптарын көрсетті.

1 «Жасанды интеллект – инклюзивті білім беру құралы»

Баяндамашы: тәрбиеші К.Абенова

Мазмұны:

Баяндамада жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен оны инклюзивті ортада қолданудың тиімді жолдары қарастырылды.

Тәрбиеші Umaigra Kids, Talkie AI Avatar, CoSpaces EDU, Quiver Vision секілді платформалар арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қызығушылығын арттыру тәжірибесін ұсынды.

Сонымен қатар, AI құралдарының көмегімен балалардың логикалық ойлауын, сөйлеу қабілетін және эмоциялық танымын дамыту жолдары көрсетілді.

Нәтижесі: педагогтерге ЖИ технологияларын сабаққа кіріктірудің нақты тәсілдері ұсынылды.

2«Қолдауға мұқтаж досым»: психологиялық ойындар арқылы даму мүмкіндіктері

Баяндамашы: Тәрбиеші: Г.Әбдірова

Мазмұны:

Баяндамада сөйлеу тілі бұзылған және эмоционалды тұрақсыз балалармен жүргізілетін психологиялық түзету ойындарының маңызы түсіндірілді.

Логопед қатысушыларға артикуляциялық жаттығулар мен фонематикалық естуді дамыту ойындарын (мысалы, «Айт та, қимылда», «Сикырлы айна») тәжірибе жүзінде көрсетті.

Сондай-ақ, топтық қолдау мен ортақ ойын арқылы балалардың өзара достық қарым-қатынасқа үйрену тәсілдері ұсынылды.

Нәтижесі: психологиялық ойындар ерекше баланың сенімін арттырып, сөйлеу белсенділігін күшейтетіні дәлелденді.

3«Инклюзивті ортадағы қауіпсіздік: әр балаға қамқорлық»

Баяндамашы: тәрбиеші Сарсенбай А

Мазмұны:

Инклюзивті топтағы балалардың физикалық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар талқыланды.

Тәрбиеші «Психологиялық қауіпсіздік бұрышы», «Қауіпсіз ойын ережесі», «Менің денем – менікі» сияқты тәжірибелік жаттығуларды таныстырып, қиын балалармен жеке жұмыс жүргізудің нақты әдістерін көрсетті.

Педагог әр баланың өзін қауіпсіз, қабылданған және бағаланған сезінуі үшін қандай әрекеттер маңызды екенін түсіндірді.

Нәтижесі: топтағы қамқорлық пен сенім атмосферасын қалыптастырудың тиімді тәсілдері көрсетілді.

4.Тренинг: «Инклюзияны түсінеміз»

Жүргізуші: тәрбиеші С.Турусова

Мазмұны:

Тренинг барысында педагогтер арасында серіктестік пен эмпатияны дамыту мақсатында «Әр бала ерекше», «Қолдау көпірі», «Қабылдаудың күші» атты топтық және рөлдік жаттығулар өткізілді.

Психолог инклюзия ұғымын кеңінен түсіндіріп, әр педагогтің баланың

дамуына әсер ететін эмоционалдық және кәсіби рөлін айқындауға көмектесті. Нәтижесі: педагогтердің инклюзия туралы түсінігі тереңдеп, бірлесе әрекет ету мәдениеті мен толерантты көзқарас қалыптасты.

5.№1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы

Баяндамашы: әдіскер Ж.Бердалиева

Мазмұны:

Әдіскер жыл басында қабылданған шешімдер мен жобалардың орындалу барысын талдап өтті.

«Білім келешегі: Адал азамат – кәсіби маман» бағыты аясында педагогтердің кәсіби дамуына арналған әдістемелік жұмыстардың нәтижесі ұсынылды.

Атап айтқанда:

- педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру курстары;
- инклюзивті білім беру бойынша шеберлік сабақтары мен дөңгелек үстелдер;
- «Кішкентай зерттеушілер», «Жас оқырман», «Қолдауға мұқтаж досым» жобаларының жүзеге асу деңгейі қаралды;
- балалардың жеке даму траекторияларын құру тәжірибесі көрсетілді.

Қорытынды:

Педагогикалық кеңес барысында барлық қатысушылар өз тәжірибесін бөлісіп, жаңа оқу жылындағы басым бағыттарды жүзеге асыруға арналған ортақ ұсыныстар қабылданды.

Инклюзивті мәдениетті нығайту, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және әр баланың әлеуетін ашуға жағдай жасау – 2025–2026 оқу жылының басты мақсаты ретінде айқындалды.

Қаулы:

1. Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда ойын элементтерін, цифрлық технологияларды белсенді қолдану ұсынылсын.
2. Логопедиялық және психологиялық сүйемелдеуді күшейту арқылы балалардың сөйлеу және эмоционалдық дамуын бақылау ұсынылсын.
3. «Баршаға бірдей мүмкіндік» және «Қолдауға мұқтаж досым» жобалары аясында бірлескен іс-шаралар жоспары құрылсын.
4. Ата-аналарға арналған «Инклюзияны түсінеміз» тақырыбындағы тренинг тұрақты өткізілсін.
5. Келесі педагогикалық кеңесте инклюзивті тәрбиенің нәтижелерін бағалау бойынша мониторинг ұсынылсын.

Төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Бөбекжай мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау»

Мақсаты:

Бөбекжай мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау.

Өткізілген күні: ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші А.Таженова

Хатшы: С.Туурсова

Күн тәртібіндегі мәселелер:

«Бөбекжай мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау»

Мақсаты:

Бөбекжай мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау.

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі

2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы

Тәрбиеші: К.Абенова

3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар» іс-тәжірибе бөлісу

Тәрбиеші: Г.Әбдірова

4.«Мектеппен сабақтастық: «Бастауышпен көпір» жобасы

Әдіскер: Ж.Бердалиева

5. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеттерін дамытуда ата-аналармен ынтымақтастық орнату»

Тәрбиеші: К.Абенова

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі

Баяндамашы: тәрбиеші әдіскер: Ж.Бердалиева

Мазмұны:

Бірінші педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерге сәйкес, тәрбиешілер балалардың жеке қабілеттеріне сай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту, жасанды интеллектті интеграциялау, инклюзияны дамыту бағытында жұмыстар жүргізген.

К.Абенова өз тобының жұмысынан мысал келтіріп, ата-аналармен өткізілген тренингтер, ашық есік күндері мен «Ашық серуен» жобасы туралы айтты.

Балалардың бейімделуі, тәртібі мен әлеуметтік белсенділігі артқаны байқалды.

2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы

Баяндамашы: тәрбиеші К.Абенова

Мазмұны:

Баяндамашы балабақшада іске асырылып жатқан «Әкелер мектебі» жобасының мақсат-міндеттерімен таныстырды. Жоба аясында әкелер балалармен бірге спорттық жарыстарға, шеберлік сағаттарына қатысып, ер бала тәрбиесінде ер азаматтың рөлін күшейтуге бағытталған. Әкелермен өткізілген «Менің әкем – батыр», «Отбасылық ағаш», «Әке кеңесі» сияқты іс-шаралар ата-аналармен ынтымақтастықты арттырып, балалардың отбасы алдындағы сенімін нығайтқан. Әкелердің балабақша өміріне қызығушылығы мен белсенділігі артқаны атап өтілді.

3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар»

Баяндамашы: тәрбиеші Г.Әбдірова

Мазмұны:

Баяндамашы балабақшаға алғаш рет баласын әкеліп отырған жас аналармен жүргізілетін әлеуметтік-психологиялық жұмыстың маңызын ашып көрсетті. Баланың бейімделу кезеңін жеңілдету үшін аналарға арналған кеңестер, психологиялық тренингтер, «Ана мен бала сағаты», «Сенімді қарым-қатынас» тақырыбындағы кездесу-сұхбаттар ұйымдастырылған. Жас аналардың ата-аналық мәдениетін қалыптастыру, сенім орнату, бірлесе әрекет ету арқылы балаға қолайлы бейімделу ортасын жасау жолдары баяндалды.

4. «Мектеппен сабақтастық: «Бастауышпен көпір» жобасы

Баяндамашы: әдіскер Ж.Бердалиева

Мазмұны:

Бұл жоба балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған. Баяндамашы мектеп психологы және бастауыш сынып мұғалімдерімен өзара іс-қимыл формаларын таныстырды:

- «0-сыныппен танысу» күні;
- Мектепке дайындық диагностикасы;
- Бірлескен ойын-жаттығулар мен экскурсиялар;
- «Мен мектепке барамын» жобасы аясындағы сабақтар.

Ата-аналармен бірге бастауыш мектепке қатысты ашық пікірлесу алаңдары құрылып, болашақ бірінші сынып оқушыларына эмоционалдық қолдау көрсетудің маңыздылығы айтылды.

5. «Мектеп жасына дейінгі балалардың хореографиялық қабілеттерін дамытуда ата-аналармен ынтымақтастық орнату»

Баяндамашы: тәрбиеші К.Абенова

Мазмұны:

бала денсаулығы мен эстетикалық дамуына бағытталған би сабақтарының мәнін ашты. Баяндамашы ата-аналарды дайындық және репетиция

жұмыстарына, мерекелік ертеңгіліктерге белсенді қатыстыру тәжірибесін ұсынды. «Ана мен қыз – сахнада», «Менің отбасым – би сахнасында» атты іс-шаралар арқылы ата-аналардың баламен тығыз байланыс орнатуына ықпал жасалған. Ата-аналар өз баласының шығармашылық дамуын тікелей бақылап, балабақшаға деген сенімі арта түскен. Би өнері арқылы өз-өзіне сенімді, сахнада еркін әрекет ететін бала тұлғасын қалыптастыру көзделді.

Қаулы:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Әкелер мектебі» жобасы жалғассын, ата-аналардың белсенділігі арттырылсын.
3. Жас аналармен жұмыс барысында психологиялық қолдау бағытындағы тренингтер жиі өткізілсін.
4. «Бастауышпен көпір» жобасы аясында мектеп мұғалімімен, психологымен өзара байланыс жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Ата-аналардың қатысуымен өтетін хореографиялық жұмыстар дәстүрге айналдырылсын, мерекелік шараларға отбасы мүшелерін тарту жалғасын тапсын.
6. Әлеуметтік серіктестік бағытындағы жұмыстар жылдық жоспарға сәйкес кезең-кезеңмен жүзеге асырылсын.

Төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық әдістер»

Мақсаты: Балалардың экологиялық санасы мен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда құзыреттілік орталықтары, мобильді топтар және ата-аналармен бірлескен іс-әрекеттер арқылы тиімді әдістерді қолдану.

Өткізілген күні: наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші А.Таженова

Хатшы: С.Турусова

Күн тәртібіндегі мәселелер

«Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық әдістер»

Мақсаты: Балалардың экологиялық санасы мен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда құзыреттілік орталықтары, мобильді топтар және ата-аналармен бірлескен іс-әрекеттер арқылы тиімді әдістерді қолдану.

1. №3 педкеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы

2. Құзыреттілік орталығы: балалардың экологиялық білімін қалыптастырудың тиімді жолы

Әдіскер: Ж.Бердалиева

3. Экологиялық мерекелер – қауіпсіз мінез-құлық пен жауапкершілікке тәрбиелеудің тетігі

Топ тәрбиешілері

4. Қимылды ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту (мобильді топ тәжірибесі)

Тәрбиеші: Абенова К

5. Отбасымен бірлесе ұйымдастырылатын экологиялық тәрбие: қауіпсіздік пен жауапкершілік негізі

Тәрбиеші: Әбдірова Г

6. «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы педагог көшбасшылығы»

Тәрбиеші: Сарсенбай А

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша

Меңгеруші А.Таженова №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есеп берді. Ол өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер жоспарға сәйкес жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Балалардың әлеуметтік бейімделуін қолдау мақсатында балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізілген. Ата-аналармен түрлі кездесулер, кеңестер және

тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып, олардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуына жағдай жасалғаны айтылды.

Сонымен қатар мектеппен сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлескен жұмыстар жүргізілгені, балалардың мектепке психологиялық дайындығын қалыптастыру бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылғаны атап өтілді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара байланыс нығайып, балалардың ортаға бейімделуіне қолайлы жағдай жасалғаны айтылды.

Екінші мәселе бойынша

Әдіскер Ж.Бердалиева «Құзыреттілік орталығы: балалардың экологиялық білімін қалыптастырудың тиімді жолы» тақырыбында баяндама жасады. Ол мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда құзыреттілік орталығының маңызы ерекше екенін атап өтті. Құзыреттілік орталығы – балалардың танымдық белсенділігін арттыруға, олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған арнайы ұйымдастырылған білім беру ортасы болып табылады.

Баяндамашы құзыреттілік орталығында балалардың табиғат құбылыстарын бақылап, тәжірибе жасау арқылы қоршаған орта туралы нақты білім алатынын атап өтті. Мұндай орталықта өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрамын зерттеу, су мен ауа қасиеттерін анықтау сияқты тәжірибелік жұмыстар жүргізіледі. Сонымен қатар балалар табиғи материалдармен жұмыс істеп, табиғаттағы өзгерістерді бақылау арқылы қорытынды жасай алады.

Әдіскер экологиялық тәрбие беру барысында балалардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті. Балалардың табиғатты зерттеу арқылы тануы олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға үлкен ықпал ететіні айтылды.

Үшінші мәселе бойынша

Музыка жетекшісі. «Экологиялық мерекелер – қауіпсіз мінез-құлық пен жауапкершілікке тәрбиелеудің тетігі» тақырыбында шеберлік сынып өткізді. Ол экологиялық мерекелердің балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастырудағы маңызын атап өтті.

Шеберлік сынып барысында педагогтерге экологиялық мазмұндағы музыкалық ойындар мен шығармашылық тапсырмалар ұсынылды. Музыка жетекшісі табиғат тақырыбындағы әндер, билер және сахналық көріністер арқылы балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыруға болатынын көрсетті. Сонымен қатар экологиялық мерекелер барысында балаларға табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйретудің тиімді тәсілдері көрсетілді.

Төртінші мәселе бойынша

Тәрбиеші Абенова К «Қимылды ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту (мобильді топ тәжірибесі)» тақырыбында баяндама жасады. Ол қимылды ойындардың балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы маңызын атап өтті.

Баяндамашы мобильді топ тәжірибесінде қолданылатын түрлі ойындар туралы айтып өтті. Мысалы, «Табиғат достары», «Жануарлар қалай

қозғалады?», «Күн мен жаңбыр» сияқты ойындар балалардың табиғат туралы түсініктерін кеңейтіп, олардың қозғалыс белсенділігін арттыратыны айтылды. Сонымен қатар қимылды ойындар балалардың физикалық дамуына, ептілігі мен жылдамдығын арттыруға ықпал ететіні атап өтілді.

Бесінші мәселе бойынша

Тәрбиеші Әбдірова Г «Отбасымен бірлесе ұйымдастырылатын экологиялық тәрбие: қауіпсіздік пен жауапкершілік негізі» тақырыбында шеберлік сынып өткізді. Ол балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлі ерекше екенін атап өтті.

Шеберлік сынып барысында педагогтерге ата-аналармен бірлесіп өткізілетін экологиялық іс-шаралардың үлгілері көрсетілді. Мысалы, ағаш отырғызу акциялары, құстарға арналған жем салғыш жасау, табиғатты қорғау акциялары сияқты жұмыстар балалардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыратыны айтылды.

Алтыншы мәселе бойынша

Тәрбиеші Сарсенбай А «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы педагог көшбасшылығы» тақырыбында шеберлік сынып өткізді. Ол педагогтің кәсіби шеберлігі мен көшбасшылық қабілеті балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Шеберлік сынып барысында педагогтер табиғат аясында өткізілетін түрлі ойындар мен бақылау жұмыстарымен танысты. Сонымен қатар балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда педагогтің жеке үлгісі мен ұйымдастырушылық қабілетінің маңызы айтылды.

Қаулы қабылданды

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында құзыреттілік орталықтарының жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
3. Экологиялық мерекелер мен шығармашылық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы балалардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру жұмыстары жалғастырылсын.
4. Мобильді топ тәжірибесінде қолданылатын қимылды ойындарды оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану ұсынылсын.
5. Ата-аналармен бірлескен экологиялық тәрбие жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру тапсырылсын.
6. Педагогтердің экологиялық тәрбие беру бойынша кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік жұмыстар жалғастырылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



А.Таженова

С.Турусова

№5 педагогикалық кеңес хаттамасы

№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Нәтиже мен тәжірибе – дамуға бастар жол»

Мақсаты:

Мектепке дейінгі мекемеде жыл бойы атқарылған іс-әрекеттер мен педагогтардың жеке жұмыс нәтижелерін қорытындылау, тәрбие мен білім беру процесінің тиімділігін бағалау және болашаққа даму бағыттарын анықтау.

Өткізу түрі:

Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі, қорытынды тренинг

Өткізілген күні: мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші А.Таженова

Хатшы: Ж.Бердалиева

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы
 2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмыстарының есебі
 3. 2025–2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі ікұзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)
 4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау
 5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту
- Қорытынды-тренинг: «Өсу мен өзгеріс жолында»

Күн тәртібі бойынша қаралған мәселелер:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы
- Меңгеруші №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есеп берді. Ол барлық жоспарланған жұмыстардың жүйелі түрде жүзеге асырылғанын атап өтті. Педагогтар оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық әдістерді, цифрлық технологияларды тиімді қолданып, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасаған.

Ата-аналармен өзара байланыс нығайтып, бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылғаны, педагогтардың кәсіби белсенділігі артқаны айтылды. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын нығайту бағытындағы жұмыстар да тұрақты жүргізілгені атап өтілді.

Қорытынды:

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

Екінші мәселе бойынша

Әдіскер және педагогтар 2025–2026 оқу жылы бойы атқарған жұмыстары бойынша жан-жақты есеп берді. Есеп беру «Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі» форматында ұйымдастырылып, әр педагог өз тәжірибесін шығармашылық әрі мазмұнды түрде ұсынды.

Жәрмеңке барысында педагогтар оқу қызметінде қолданған тиімді әдіс-тәсілдерімен, авторлық дидактикалық және цифрлық ойындарымен, инновациялық жобаларымен бөлісті. Әсіресе, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әзірленген интерактивті тапсырмалар, ойын технологиялары, зерттеушілік әрекеттер мен шығармашылық жұмыстар кеңінен таныстырылды.

Сонымен қатар, педагогтар балалардың оқу жылы ішіндегі жетістіктерін, олардың танымдық белсенділігінің артуын, коммуникативтік дағдыларының дамуын, шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуын нақты мысалдар арқылы көрсетті. Балалардың жеке және топтық жұмыстарынан фотоматериалдар, бейнеүзінділер, портфолиолар ұсынылып, жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі дәлелденді.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстарға да ерекше көңіл бөлініп, онлайн және офлайн форматтағы кездесулер, бірлескен жобалар, кеңестер мен іс-шаралар арқылы ата-аналардың педагогикалық үдеріске белсенді қатысуы қамтамасыз етілгені атап өтілді.

Жәрмеңке барысында педагогтар арасында тәжірибе алмасу белсенді жүргізіліп, әріптестердің үздік идеялары мен тиімді әдістері талқыланды. Бұл өз кезегінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, шығармашылық ізденісін жандандыруға және жаңа идеялардың пайда болуына ықпал ететін тиімді алаң ретінде бағаланды.

Сонымен қатар, ұсынылған жұмыстар негізінде педагогтардың кәсіби шеберлігі, жаңашылдығы және цифрлық технологияларды қолдану деңгейі жоғары екендігі анықталды.

Қорытынды:

Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары нәтижелі деп танылып, үздік тәжірибелерді жинақтау, тарату және келесі оқу жылында жүйелі түрде енгізу ұсынылсын.

Үшінші мәселе бойынша

Әдіскер 2025–2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына жүргізілген диагностика нәтижелерімен таныстырды.

Жүргізілген сараптама барысында балалардың танымдық белсенділігі, коммуникативтік дағдылары, шығармашылық қабілеттері және әлеуметтік бейімделу деңгейі бағаланды.

Нәтижесінде балалардың басым бөлігінде құзыреттіліктердің жоғары және орта деңгейде қалыптасқаны анықталды. Төмен деңгейдегі балалармен жеке жұмыс жүргізу қажеттігі атап өтілді.

Қорытынды:

Балалардың даму көрсеткіштері оң динамика көрсетіп отыр. Жеке жұмыстарды жалғастыру ұсынылсын.

Төртінші мәселе бойынша

Әдіскер аттестациядан өтуге өтініш беру тәртібі туралы ақпарат берді. Педагогтарға қажетті құжаттарды рәсімдеу, портфолио дайындау, бағалау критерийлері туралы түсіндірілді.

Аттестациядан өтетін педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетілетіні айтылып, өтініштер қабылданды.

Қорытынды:

Аттестацияға өтініш берген педагогтарға жүйелі түрде әдістемелік көмек көрсетілсін.

Бесінші мәселе бойынша

Жазғы сауықтыру шараларының жоспары талқыланды. Балалардың денсаулығын нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түрлі іс-шаралар жоспарланғаны айтылды.

Жазғы кезеңде таза ауадағы ойындар, спорттық іс-шаралар, су ойындары, шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылатыны атап өтілді.

Қауіпсіздік техникасын сақтау, санитарлық талаптарды орындау мәселелері ерекше бақылауда болатыны ескертілді.

Қорытынды:

Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін және оның сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.

Алтыншы мәселе бойынша

Қорытынды бөлімде «Өсу мен өзгеріс жолында» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Тренинг педагогтардың кәсіби дамуына қолдау көрсету, жыл бойғы жұмысты саралау және алдағы оқу жылына жаңа мақсаттар қоюға бағытталды.

Тренинг барысында педагогтар өздерінің кәсіби жетістіктерін, қиындықтары мен жетілдіруді қажет ететін тұстарын талдап, рефлексия жасады. Әр педагог жеке тәжірибесіне сүйене отырып, оқу жылы ішінде қол жеткізген нәтижелерімен бөлісіп, өз жұмысына сыни тұрғыдан баға берді.

Сонымен қатар, «Менің кәсіби өсуім», «Менің жетістігім – менің мақтанышым», «Келесі оқу жылындағы мақсатым» сияқты тапсырмалар арқылы педагогтар өздерінің даму траекториясын айқындады. Топтық жұмыс барысында өзара пікір алмасу, қолдау көрсету, тәжірибе бөлісу жүзеге асырылды.

Мотивациялық жаттығулар педагогтардың эмоционалдық жағдайын жақсартып, кәсіби қызметке деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Тренинг барысында сенімділік, бірлік, өзара қолдау атмосферасы қалыптасты.

Педагогтар жаңа идеялармен, тың көзқарастармен бөлісіп, алдағы оқу жылына нақты жоспарлар құрды. Тренинг олардың шығармашылық белсенділігін арттырып, кәсіби дамуға деген ынтасын күшейтті.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Педагогтар тренингтің мазмұны мен ұйымдастырылуына оң баға беріп, оның тиімділігі мен маңыздылығын атап өтті.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Педагогтардың кәсіби дамуын қолдау мақсатында тренингтер, коучингтер және әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын. Педагогтардың жеке даму жоспарларын жүзеге асыруға әдістемелік қолдау көрсетілсін.

Қаулы қабылданды:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын
2. Педагогтардың жылдық жұмыстары қорытындыланып, үздік тәжірибелер таратылсын
3. Балалардың құзыреттіліктерін дамыту жұмыстары жалғастырылсын
4. Аттестацияға дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілсін
5. Жазғы сауықтыру іс-шаралары толық көлемде жүзеге асырылсын
6. Педагогтардың кәсіби дамуына бағытталған жұмыстар жалғастырылсын

Төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова